




ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КЕЛМЕЙ ЖАТЫР

оның себебі неде және не істеу керек?



103 нөміріне қоңырау шалғанда диспетчер сізге мынадай сұрақтар қояды:

НЕ БОЛДЫ?
ПАЦИЕНТТІҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?

АТЫ-ЖӨНІ КІМ, ЖАСЫ НЕШЕДЕ

МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ТЕЛЕФОНЫ

СІЗДЕРГЕ ҚАЛАЙ ЖЕТЕМІЗ



5
МИН

Диспетчер 5 минут ішінде жеделдік деңгейін анықтап, жедел жәрдем бригадасына хабар береді

Жедел жәрдемнің келу уақыты жеделдік санатына қарай белгіленеді



10
МИН

1 адам өміріне қауіп төнген жағдайлар, жедел медициналық көмек

2

медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда пациент өміріне қауіп төнетін болса

15
МИН

3

30
МИН

пациент денсаулығына әлеуетті қауіп төндіретін жағдайлар

4

пациенттің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін жағдайлар

60
МИН

1-3 жеделдік санаттары бойынша – фельдшерлік және мамандандырылған дәрігерлер бригадасы келеді
4 жеделдік санаты бойынша – емхана жанындағы жедел жәрдем бөлімшесі бригадасы келеді

1
САНАТ

Пациент есінен танып қалса

Дем ала алмай қалса

Тамыр соғысы байқалмаса

Тыныс алу жолдарына бөгде заттар тұрып қалса

Денесі құрысып қалса

Кеуде қуысы ауырса

қимыл-қозғалыс белсенділігі тоқтаса немесе бұзылса (парездер мен плегиялар)

көптеген жерден жарақат алу/зақымдану немесе қан кеткен жарақаттар (бас, мойын)

Этиологиясы әртүрлі психоздар

Ауқымды күйік пен үсік шалу

Жәндіктердің шағып алуы (анафилактикалық шок қаупі)

Электр көзінен болған жарақат

Қан құсу

Ауыр босану

Төтенше жағдайлар

Трансплантацияланатын тілдерді немесе органдарды тасымалдау

2
САНАТ

Науқастың есінің бұзылуы

Тыныс алу процесінің бұзылуы

жүректің қағыс бұрағының бұзылуы

Қан айналымының бұзылуы, шок (криз) қаупі

3 жасқа дейінгі балаларға шақырғанда – дене қызуы 38°C жоғары болса

Қызуы көтеріліп, үсті төртіп кетсе

Қан кеткен жарақаттар

Улы заттармен улану

Атипиялық аурулар

Жүкті әйелдердің бас ауруы

Қусу, ағзадағы ылғалдың төмендеу белгілері және іш өтуі

Таракт қаупі бар орындарға шақырту

3
САНАТ

Қан кетпеген жарақаттар

Іштің ауруы

Дене қызуын өз бетінше түсіре алмаса

Толғақ қысқан жүкті әйелді босануға әкету

Жүкті әйелдердің іштің ауруы

бала денесінің үсуі немесе күйік шалуы

Көпшілік іс-шаралар кезінде кезекшілік өту

4
САНАТ

Созылмалы аурулар асқынып, бірақ пациент өміріне қауіп төніп тұрмаған жағдайларда

Терінің қабынуы

Жеңіл жарақаттар

Созылмалы аурулар салдарынан болатын ауырсыну синдромы

жүкті әйелдердің қусуы (12 аптаға дейінгі мерзім ішінде)

Кіші дәреттің қан аралас шығуы

Босанғаннан немесе түсік жасатқаннан кейін болатын қабыну процесі

Қусу, ағзадағы ылғалдың төмендеу белгілері және іш өтуі (тамақтан улану)

Емханада немесе стационарда медициналық манипуляцияларды жүргізуді талап ететін өзге де жағдайлар

24

Жеделдігі жағынан 4 санатқа жататын шақыртуларға емханалар қызмет көрсетеді. Бұл түнгі уақытта дәрігер шақырғанда таңға дейін күту керек дегенді білдірмейді. Тіркелген науқастарға тәулік бойы жәрдем көрсетіледі. Ең бастысы, емхана үйге жақын маңда болуы шарт.



Жедел жәрдем тезірек келуі үшін барлық мәліметті, тіпті домофонның кодына дейін беруге тырысыңыз. Мүмкіндік болса, әсіресе, қараңғы уақытта біреуді медицина қызметкерлерін күтіп алуға жіберген дұрыс.



Сізге жеделдік санатын өз бетіңізше анықтаудың қажеті жоқ – науқастың жай-күйін сипаттап берсеңіз жеткілікті.



Науқастың денсаулығына қауіп төніп тұрмаған жағдайларда дәрігерлер 15 минутта келіп болмаса байбалам салудың қажеті жоқ.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМДІ КҮТКЕН КЕЗДЕ



Егер үйде болсаңыз, науқастың жеке куәлігін (бала болса туу туралы куәлігін) дайындап қойыңыз. Баланың қасында болатын ересек адамның құжаты да дайын тұрғаны жөн



Мүмкіндік болса, біреу-міреуді жедел жәрдемді күтіп алуға жіберіңіз. Сонда дәрігерлер сіздің үйіңізді, пәтеріңізді, науқастың орналасқан жерін адаспай, дәл табады



Дәрігерлерге кедергі келтіретін үй жануарларын оқшаулаңыз



Науқас жатқан бөлмеге баратын жолды мейлінше босатыңыз

СОНЫМЕН, ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КЕЛДІ. ӘРІ ҚАРАЙ НЕ ІСТЕЙМІЗ?

Науқасты қараған дәрігер мынадай шешімдердің бірін қабылдайды



НАУҚАСТЫ СТАЦИОНАРҒА ЖЕТКІЗУ



Пациентті білікті медициналық көмек көрсетуге жағдай жасалған медицина мекемесіне апарды. Онымен бірге еріп баруға да болады. Бірақ жедел жәрдем көлігімен тек бір адам ғана бара алады.

НАУҚАСТЫ ШАҚЫРҒАН ЖЕРДЕҮЙІНДЕ ҚАЛДЫРУ

Жедел жәрдем дәрігері алдағы уақытта емханаға жүгінуге жөнінде кеңес береді немесе учаскелік дәрігердің келіп қарауына арналған дабыл парағын толтырады.

